Тайынша таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 5 (972) 26 қаңтар 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany | http://tainshatany.kz | tainsha_tan@list.ru

ҚАРЖЫ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылдың басынан бастап қаржы және салық салу саласында қазақстандықтарды өзгерістер күтіп тұр. Жалпыға бірдей декларациялаудан басқа, бұдан былай мобильді төлемдер мен аударымдар мемлекет тарапынан бақылауға алынатын болады. Салық заңнамасына сәйкес мобильді аударымдарды тек жеке мақсаттарға ғана пайдалануға болады, ал дара кәсіпкерлерге тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді мұндай түрде қабылдауға тыйым салынған.

Бұл жаңалықтың қыр-сырын Fingramota.kz-е-пен қарастырып көрелік.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, 2024 жылдан бастап банктер ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (МКК) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шотқа қатарынан үш ай ішінде әр түрлі жөнелтушілерден айына

100-ден астам аударым алатын жеке тұлғалар туралы деректерді беруге міндетті. Яғни, егер сізге бір айда 100 мобильді аударым келетін болса, онда сіздің деректеріңіз бұдан әрі тексеру үшін салық органына кетеді. Бұл мобильді аударымға тыйым салу дегенді білдірмейді, мәселе банк шотына тұрақты түсімдер жөнінде. Енгізіліп отырған жаңашылдықтың негізгі мақсаты – кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерді көлеңкеден шығару.

Қазақстанда мобильді аударымдар тарихы қалай басталды

2019 жылы Қазақстанда мобильді қосымша немесе QR-код арқылы жеке тұлғадан басқа жеке/заңды тұлғаға ақша қаражатын жедел аудару жүйесі іске қосылды. Қазақстандықтар ыңғайлы және озық банктік сервисті белсенді пайдаланып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көше бастады. Осы уақыттан бастап дара кәсіпкерлер: мысалы, түрлі азық-түлік дүкендерінің, сұлулық салондарының, наубайханалардың иелері төлемді мобильді аударым немесе QR-код арқылы қабылдады. Алайда, 2021 жылдың соңында салық заңнамасында «мобильді төлем» ұғымы пайда болды. Заңға сәйкес, «мобильді төлем» термині QR-кодты қолдана отырып, банктің мобильді қосымшасы немесе POS-терминалы арқылы қабылданатын қолма-қол ақшасыз төлем дегенді білдіреді.

Мемлекет салық заңнамасының тармақтарын сақтау мақсатында мемлекеттік кіріс органдарына екінші деңгейдегі банктерде жасалған мобильді аударымдар туралы ақпаратты алуға және өңдеуге мүмкіндік берді.

Ақпарат беру кезеңдері

МКК мобильді аударымдар туралы ақпарат ұсыну кезеңдерін белгіледі:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап: мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар және олардың жұбайлары бойынша (2022 жылдың қорытындысы бойынша);
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап: мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары бойынша (2023 жылдың қорытындысы бойынша);
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап: жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша (2024 жылдың қорытындысы бойынша);
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап: халықтың қалған бөлігі бойынша (2025 жылдың қорытындысы бойынша).

Осы кезеңділік бойынша мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайларының шоттарына мобильді аударымдар туралы ақпарат МКК-ға келіп түсті және талдаудан өтті. Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің шоттарынан деректерді салық комитеті 2024 жылы алады, ал жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың және заңды тұлғалардың басшыларының деректері мемлекеттік органдарға 2025 жылы түседі.

Жеке тұлғалар өздерінің жеке мақсаттарында мобильді аударымдар мысалы, туыстарына, достарына, ата-аналарына және балаларына, іс-шараларға және т.б. алымдар жасай алатынын және қабылдай алатынын атап өтеміз. Бұл аударымдар кәсіпкерлік қызмет деп танылмайды және оларға салық салынбайды.

Тіркелмей бизнес жүргізетін немесе ДК картасына емес, жеке картасына аударым қабылдайтын тұлғалар ақы төлеуді заңдастырғаны: ДК тіркегені немесе (егер ДК болған болса) корпоративтік карта ашып, аударымдарды соған қабылдағаны дұрыс. Олай болмаған жағдайда, кәсіпкер ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін немесе қайта бұзушылық болған жағдайда, оған айыппұл салынады. Айыппұл салық төлеушінің субъектілігіне қарай 15 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейінгі соманы құрайды.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

АНА МЕН БАЛАҒА ЖҰМСАЛҒАН ҚАРАЖАТ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмекті қаржыландыру бойынша 2023 жылдың қорытындысын шығарды. Соның ішінде ана мен баланы қорғау саласындағы медициналық қызметтерге ерекше маңыз берілген. Қор сарапшыларының есебінше, былтыр МӘМС қаражатынан жүкті әйелдер мен босанған әйелдерге медициналық көмек көрсетуге 169 млрд. теңге бағытталған. Орташа есеппен алғанда бір әйелге 433 мың теңгеден келеді. Бұдан бөлек, ЭКҰ-ның 7 мың ем-шарасын жүзеге асыруға 8,1 млрд. теңге бөлінген.

2023 жылы жүкті әйелдерге дәрігерлердің бақылауымен 12,2 млн. қызмет көрсетілді. Бұл – зертханалық және диагностикалық зерттеулер, скринингтер және басқа да қажетті медициналық қызметтер. Осыны қаржыландыруға МӘМС бойынша жалпы 31,2 млрд. теңге қарастырылды. Олардың төрттен бір бөлігі іштегі сәбидің ауруларын ерте диагностикалау үшін перенаталды скринингтік қызметтерге бағытталды. Фертильді жастағы 35,4 мың әйелге темір тапшылығы анемиясын емдеуге арналған препараттар берілді. Бұл мақсат үшін 57 млн. теңге жұмсалды. Айта кетерлігі, МӘМС бойынша іштегі сәбидің туа біткен ақауларының алдын алу үшін дәрі-дәрмектер алуға 87 млн. теңге қарастырылған. 100,4 млрд. теңге акушерлік бейіндегі тәулік бойы және күндізгі стационарларда 636 мың әйелді емдеуге жұмсалды. Олардың жартысына жуығына босану кезінде қызмет көрсетілді. Перинаталдық кезең аурулары бар 79 мың жаңа туған нәрестеге ем қажет болды. Ол 37,4 млрд. теңгеге МӘМС жүйесі есебінен қаржыландырылды.

Қарлығаш ІЛИЯСОВА,
“Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры” КЕАҚ облыстық филиалының баспасөз хатшысы.

“АУҒАНЫСТАН ӨРТІНЕ ШАРПЫЛҒАНДАР”

Ауған жерінде 1979 жылдың 27 желтоқсанында басталған соғысқа 1,5 мыңнан астам солтүстікқазақстандық қатысты. 46 жерлесіміз майдан даласында мерт болды. Ал, соғысқа қатысқан көзі тірі ардагерлеріміз сол бір жылдарды еске алып, әңгімелеп айтқанда сай сүйегің сырқырайды, еріксіз көзге жас аласың. Бүгінде көпшілігінің денсаулығы сыр беріпті. Өскелең ұрпақ өткенді білуі керек. Осыны ескерген Ауған соғысының ардагелері Жалау Шәріпов пен Бақытжан Темірбаев майдан даласы туралы естеліктерін жас ұрпаққа жеткізуді өздерінің азаматтық борышымыз, деп есептеп жастарға жеткізді. Ер азамат Отан алдындағы әскери міндетін өтеуге міндетті. Олар жастарға соғыстың келтірген зияны жайлы кездескен сайын әңгімелеп бергенінің куәсі болдық. Бүгінде облыстық мұрағатта Ауған жерінен табылған әр жылдардағы деректі – материалдар жинақталыпты. Қолжазбалар, фотосуреттер, қаза тапқан жауынгерлердің тізімі, майдан даласында жүрген солдаттардың жазған хаттары сияқты құнды естеліктерді жұртшылық өз көзімен көруге болады.

Бану Ахметова, Петропавл қаласы.

ҚЫЗЫЛШАМЕН АУЫРМАУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ӘДІСІ – ЕКПЕ АЛУ

Қоғамдық денсаулықты қорғау комитетінің хабарлауынша, қызылша ауруы қазір әлемде дендеп тұр. Ел, елімізде бұл аурумен ауырғандардың жартысынан көбі оған қарсы екпе алмағандар. Informburo.kz ауруға қатысты жан-жақты зерттеп көрді.

Қызылша – қандай ауру? Ол - инфекциялық жұқпалы ауру. Көбіне балаларда кездеседі. Кейбір кезде соңы қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін. Ауруға қарсы екпе алмаған адамның оны жұқтырып алуы әбден мүмкін.

Негізгі белгілері: Әлсіздік; Дене қызуының көтерілуі; Бас ауруы; Ұйқысыздық; Тамаққа тәбеті болмау. Мұрын бітеліп, құрғақ жөтел болу мүмкін. 3-8 күнде денесіне бөртпе шыға бастайды.

Ауру қалай жұғуы мүмкін? Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейімен сыртқы ортаға тарайды. Инфекция көзі – төртінші күн бөртіп ауырып жүрген адам. Бесінші күннен бөртіп жүрген адамнан жұқпайды. Ауырып, жазылған адамда өмір бойға иммунитет сақталады. Кезінде қызылшамен ауырған әйелден туған бала 3 айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені, оның бойында анасынан берілген аурудан қорғайтын қарсы денелер (антитела) уақытша сақталады. Қызылшамен ауырмаған және егілмеген адамда кез келген жаста, тіпті өмір бойы бұл ауруға шалдығу қаупі сақталады.

Диагностикасы: Егер аурудың белгілері байқалса, сау адамдарға жұқтырмас үшін қарым-қатынасты дереу тоқтату керек. Мұндайда бірден емханаға бару керек. Зертханалық сынамаларын алғаннан кейін диагнозды инфекционист-дәрігерлер қояды. Ауру адам қан және зәр тапсырады. Дәрігердің жолдамасымен тағы да қажетті анализдерді тапсыруы ықтимал. Дәрігерлер аурумен қарым-қатынаста болған адамдарың бәрін 21 күн бойына тексереді.

Аурудың салдары: Вирустың алдын алмаса пневмония, энцефалит ауруларына шалдығу қаупі бар. Сол үшін дер кезінде дәрігерге жүгіну керек. Көбіне қызылшамен 5 жасқа дейінгі балалар немесе 20 жастан асқандар ауырады. Оларда құлақ қуысы, мойын тұсы ауырады, көз ауруы барларда соқырлыққа дейін асқыну қаупі болуы мүмкін. Сондықтан учаскелік дәрігер ауруды жиі бақылап тұруға тиісті.

Қызылшаны қалай емдейді? Арнайы емдеу тәсілі жоқ. Ауру жұқтырған науқастарға төсекте жату, сұйықтықты көп ішуге кеңес беріледі. Қызу түсіретін, мұрын бітелуіне және тамақ ауруына қарсы дәрілер мен витаминдер тағайындалады. Ауруы асқынғандар ауруханаға жатқызылады.

АУЫРМАС ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Ең тиімді әдісі – екпе алу. Екпе бала бір жасқа толғаннан кейін үш айдың ішінде салынады. Одан соң алты жасында тағы салынады. Дәрігерлер екпе алмағандарға емханадан оны тегін салдыруға болатынын ескертеді. Алдын алу шарасы ретінде бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жасау ұсынылады. Науқас адамның үйіне, ауру өршіп тұрғанда адам көп жерлерге бармауға кеңес беріледі. Халық көп шоғырланған орындарда маска киіп жүру көмектеседі.

Informburo.kz

АУЫЛ АМАНАТЫ – БЕРЕКЕЛІ БАҒДАРЛАМА

Жеңіс АСАНОВ,
“AMANAT” партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы.

Мемлекет басшысы “Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары” Жолдауында агроөнеркәсіп кешенінің зор әлеуетін толық пайдаланбай отырғанымызды айтты. Осы салада нақты серпіліс жасау қажеттігін, импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру іргелі міндет екенін жеткізген болатын. Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдаудың маңыздылығына тоқталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: “Осы орайда “Ауыл аманаты” бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек. Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал”, – деп атап көрсеткен болатын. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кететінін, осы себепті салада маңызды реформа жасайтын кез келгенін ескерткен. Бүгінгі таңда облыстың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен шағын және орта бизнес өкілдері “Ауыл аманаты” мемлекеттік бағдарламасына қатысуға үлкен мүдделілік танытып, оның аясында бизнес ашуға болмаса ісін кеңейтуге зор мүмкіндіктер алып отыр. Бұл жоба Президенттің 2022 жылдың 26 қарашадағы “ҚР ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы” Жарлығында айқын көрініс тапқан. “AMANAT” партиясы және оның жергілікті құрылымдары тарапынан қанатқақты жобаның шартталаптары кеңінен түсіндіріліп, мобильдік топтар елді мекендерді аралап шықты. Аманаттықтар Қасым-Жомарт Тоқаевтың: “Біз осындай пилоттық жобаны жүзеге асырдық. Оған қатысқан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Ал мал басы шамамен 25 пайызға көбейген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені елге біртіндеп тарату қажет”, – деген нұсқауын Үкіметпен бірлесіп шеше отырып, жобаның басты мақсаты – ауылдық жерлердегі халықтың табысын арттыруға белсенділікпен кірістік. Деректерге сүйенсек, ауылда республика тұрғындарының 41 пайызы, яғни 7,7 млн. адам тұрады. Бірақ ауыл және қала тұрғындарының ақшалай табыс көзінің айырмашылығы 38 пайызды құрайды. Демек, озық бағдарлама осындай олқылықтардың орнын толтыруды діттейтіні анық. Екіншіден, оның шеңберінде көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, ауылдықтар өз бизнесін дамытуға немесе кооператив құрамында жеңілдетілген несие, сондай-ақ техниканы лизингке оңай рәсімдей алады. Қарыз алу шарттары өте тиімді, коммерциялық банктермен салыстырғанда пайыздық мөлшерлеме төмен. Атап айтқанда, несиелеу мерзімі – 5 жыл, ал мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар мерзімі – 7 жыл. Номиналды сыйақы көлемі – 2,5 пайыз ғана. Алған техниканың 50 пайызы субсидияланады. Мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып отырғандықтан, елімізде бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі – 36 пайыз. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың саны 4,3 млн.-ға жуық. Өңдеу өнеркәсібінің экспорты 26 млрд. доллардан асып, 1,5 трлн. теңге инвестиция тартылды.Мемлекет басшысы былтыр жыл аяғында “Алтын сапа” және “Парыз”, “Қазақстанның үздік тауары” байқауларының жеңімпаздарын – ел дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкерлерді салтанатты түрде марапаттау рәсіміне жолдаған құттықтауында жедел түрде атқарылатын бірқатар міндеттерге тоқталды. Оның бірі – инвестициялық климатты жақсартуға ықпал ету, бюрократияға мүлдем жол бермеу, барынша нақты іс-әрекет қағидатын басшылыққа алу. Тапсырмаға сәйкес, өңдеу секторына қаржы салатын инвесторлар биылдан бастап үш жылға салықтан босатылады. Бизнесті негізсіз тексерулер мен заңсыз қылмыстық құдалаудан қорғау шараларының нәтижесінде кәсіпкерлік саладағы тіркелген қылмыстар саны екі есеге азайды (837-ден 402-ге дейін). Инвестициялық жобаларды прокуратура органдарының сервистік қадағалауына баса мән беріліп, “жасыл дәліз” қағидаты бойынша қолдау жүйесі енгізілді, рұқсат беретін құжатты алу ісі оңайлатылды. Жер учаскелерін беру және коммуникация жүргізу жұмыстары жеңілдетілді.10 мыңнан астам заң нормасы жаңа реттеуші саясаттың негізгі талаптарына сай келмейтіні анықталып, 90 пайызының күші жойылды. Жоспарлы инспекция жасау екі есе қысқарып, айыппұлдар саны бірнеше есе азайды. “Ауылды дамыту, түптеп келгенде, Қазақстанды дамыту деген сөз. Сондықтан биыл “Ауыл аманаты” жобасын бастадық. Ауыл тұрғындарына шағын несие беру үшін 100 млрд. теңге бөлінеді. Соның арқасында 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Болашағы бар шағын және орта бизнеске басымдық беріледі. Яғни мемлекет өндірістік қабілеті жоғары және экспортқа өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді”, – делінген Президент құттықтауында. Қанатқақты жоба өңіріміздің барлық аудандарын қамтитын ауқымды бағдарламаға айналып, партияның жергілікті филиалы кредит берудің негізгі шарттары мен тәртібін регламенттейтін қағидаларды түсіндіру, басым бағыттары мен қатысушылардың нақты тізімін анықтау, тиімді іріктеу жолдарын қарастыру, қаражаттың қайтарымдылығын арттыру, бір сөзбен айтқанда, дұрыс ақпараттандыруды басты назарға алған. Қаражатты ісін жаңа бастаған болмаса жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер, жасы зейнеткерлікке толмағандар, тауарларды өндіру, өткізу, сату қызметімен шұғылданатындар, қосалқы шаруашылық мүшелері, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, атаулы көмек алушылар рәсімдей алатыны, ол үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі, рәсімделген несиелерде берешектің жоқтығы, жер телімі, қора-қопсы, тағы басқа қажетті жағдайлардың болуы талап етілетіні түсіндірілді. Бірінші кезекте жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтер негізінде дамытуға және сүт, ет өндірісі, құс, балық шаруашылығы жобаларын қаржыландыруға басымдық берілетіні айтылды. Азаматтар мен жергілікті әкімдіктер әдістемелік жағынан сүйемелденіп, өтінімдер қабылдау мен қаражат бөлуді дұрыс қамтамасыз ететін жобалық кеңселер құрылды.Бағдарлама іске қосылғалы негізгі оператор саналатын “Солтүстік” ӘӘҚ-ның қаржылық қолдауы арқылы былтыр 250 өтінімнің 236-сы мақұлданып, 1,8 млрд. теңге бөлінді. Солтүстікқазақстандықтар негізінен мал шаруашылығына, техника мен жабдықтар сатып алуға, сауда-саттыққа басымдық берген. Берілген несиенің орташа мөлшері – 7,3 млн. теңге. Өңірде “Ауыл аманаты” жобасының шапағаты мен игілігін көріп отырғандар аз емес. Қызылжар ауданының 45 тұрғыны жалпы сомасы 398 млн. теңгеге жеңілдікті несие рәсімдеп, қосымша жұмыс орындарын ашты. Станислав Волков техникалық қызмет көрсету станциясына қосымша жабдық сатып алуға 8 млн. теңге несие алды. Екі көтергіш орнатып, ауланы жүз шаршы метрге дейін кеңейтті, сөйтіп екі көлікке арналған боксты іске қосты. Тәжірибелі шебердің алдағы мақсаты – станция аумағын ұлғайту, қосымша жұмыс күшін тарту. Әмір Баукенов қой өсірумен айналысады. Өзінің қорасындағы 120 Шопан ата түлігіне тағы 115 бас қосылып, шаруасын дөңгелетіп отыр. Саулықтардың алды қоздап, қотан түлікке толды. Фермада үш ауылдасы еңбек етеді. Мәдина Қабаева жерлестеріне лазерлік эпиляция бойынша қызмет көрсетеді. Германиядан жеткізілген заманауи “Holkon” аппараты 3 млн. теңге тұрады. Ол – мамандығы бойынша дерматокосметолог. Жаңа кәсіпті тез меңгеріп алған. Жарты жылдың ішінде шығындарды өтеп, нақты табыс табуға кірісіп кеткен. Ендігі ойы – басқа да мемлекеттік бағдарламаларға қатысу. Сатыбалдиндер отбасының тауық өсіретін фермасы үйдің ауласында орналасқан. “Ауыл аманаты” аясында 2,5 пайыздық жеңілдікпен 8 млн. теңге несие рәсімдеп, бастапқыда 800 мекиен сатып алған. Қазір мекиен саны көбейіп, жұмыртқа өндірумен де айналысады. Таза экологиялық өнімді өткізуде іркіліс жоқ, үлкен сұранысқа ие. Сағитовтардың кәсібі де осыған ұқсас, тек айырмашылығы бұлар шағын бөдене фермасын құрған. 1500 бөдене жылыту және желдету жүйесі талаптарға сай, су автоматты түрде берілетін жылы орында бағылады. Үш инкубатор жұмыс істейді. Айта берсе, мұндай мысалдар аз емес. Былтыр “Ауыл аманаты” бағдарламасына республикалық қазынадан 17 мың шағын несие беріліп, 18 мың жаңа жұмыс орны, 400 кооператив құрылған. Елімізде әлі 270 мыңдай шаруа қожалығы бар. Енді оларды ірілендіру бағытындағы жұмыс жанданбақ. Биыл 100 млрд., 2025-2026 жылдары 50 млрд. теңге мөлшерінде қаражат қарастырылған. Қаражат Ауыл шаруашылығы мен Қаржы министрліктері және облыстық әкімдік арасында жасалатын үшжақты келісім шартына сәйкес аударылады. Ауылдықтардың қызығушылығын тудырып, үлкен үміт артып отырған және де аграрлық кооперацияның дамуына айқара жол ашатын жобаның тиімділікпен жүзеге асуына аманаттықтар да мүдделі. Ең бастысы, бағдарламаның ауылдық жерлерде шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы табысты арттыруды, кәсіптік маманануды, қосалқы шаруашылықтарда мал мен құстың басын көбейтуді қамтамасыз ететін жалпы мемлекеттік ауқымын жұртшылық жақсы сезініп отыр.

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады. Жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және заңды тұлғалар мемлекеттік стандарттарға сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізу үшін жағдайлар жасауға міндетті.Ауданның мониторингтік тобы халықтың аз қозғалатын топтары үшін бейімдеуге жататын объектілердің тізімін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде.2024 жылы мүгедектігі бар адамдар тікелей баратын әлеуметтік маңызы бар объектілер енгізілді.

«Amanat» сайлауалды бағдарламасын орындау шеңберінде осы жылдың ішінде құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың және «Amanat» партиясының облыстық филиалының мамандары кіретін мониторингтік топтар ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне шығатын болады, тексерулер аяқталғаннан кейін бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды жою үшін ұсынымдар берілетін болады.

Өз кезегінде, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті мемлекеттік уәкілетті орган ретінде облыстың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне үнемі бақылау жүргізеді және бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқама енгізеді, ал жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актінің нормалары сақталмаған жағдайда осы объектілердің меншік иелеріне айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің 154-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілеріне, көлікке, ақпаратқа, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларға, спорттық жарыстарға және мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке жеке құқықтары мен бостандықтарының толықтығымен ие болады.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық» 20 тарауының 255-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 83-бабына сәйкес мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін:

- мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз етпеу;

-мүгедектердің мәдени-ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеу:

- жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатынан және (немесе) кәсіптік аурудан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді жұмыс берушінің сақтамауы лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-төрт жүз айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс - әрекет (әрекетсіздік) лауазымды адамдарға - сексен, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі цифрландыру шеңберінде қолжетімділік көрсеткіштерінің сапасын арттыру үшін «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» ақпараттық порталымен бірігу жолымен «Қолжетімділіктің интерактивті картасы» құрылды, бұл әрбір мүдделі тұлға үшін әрбір объектінің қолжетімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда интерактивті қолжетімділік картасында ауданның 216 әлеуметтік маңызы бар нысаны орналастырылған, оның ішінде 45 нысан бейімделген. Кедергісіз орта құру арқылы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Ольга ДУЖНИК,
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

ҚАЛЫПТАСУ МЕН ДАМУДЫҢ 30 ЖЫЛЫ

1993 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Заңды қабылдады, ал 1994 жылғы 7 наурызда жергілікті өкілді органдарға — мәслихаттарға-депутаттар жиналыстарына сайлау өтті. Бұл республиканың демократияға көшуін едәуір жеделдеткен және жергілікті мемлекеттік органдардың атауы мен құрылымына елеулі өзгерістер енгізген елдегі алғашқы, шынымен бәсекелі сайлау болды.

Өкілді органдар мәслихаттар, ал жергілікті атқарушы органдар — әкімшілік басшысы — әкім басқаратын жергілікті әкімшілік деп атала бастады.

1994 жылдың 1 сәуірінде Красноармейск аудандық әкімшілігінің мәжіліс залында мәслихаттың бірінші сессиясы – сайланған 20 депутаттың ішінен бірінші шақырылған депутаттар жиналысы өтті. Сессияны аудандық әкімшіліктің басшысы И. Серебрянский ашты. Бірінші сессияның күн тәртібіне 6 сұрақ қойылды, аудандық мәслихаттың – депутаттар жиналысының уақытша регламенті қаралды, хатшы болып депутат М. Ульсаитов сайланды. Тексеру комиссиясы – төраға Т. Валиев, сондай-ақ тұрақты комиссиялар құрылды: депутаттық өкілеттіктер, депутаттық этика, заңдылықты сақтау, азаматтардың құқықтары және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша – төраға В. Тышкевич; жоспар, бюджет, экономикалық реформалар, басқару және өзін – өзі басқару мәселелері бойынша – төраға А. Овтин; өндірісті, әлеуметтік саланы және табиғатты қорғау қызметінің төрағасы Қ.Рыспаев.

1997 жылы әкімшілік – аумақтық реформа нәтижесінде Келлер және Чкалов аудандары қайта құрылып, олардың аумақтары Красноармейскийге қосылды. Географиялық картада жаңа әкімшілік-аумақтық бірлік — Тайынша ауданы пайда болды.Үш аудан депутаттарының мәслихаттары-жиналыстары біріктірілді. Халық сайлаушыларының 62 депутаты өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өз міндеттерін атқарды.

Алғашқы жеті шақырылымның депутаттық корпусының құрамы өте кең және алуан түрлі болды. Олардың ішінде: кәсіпкерлер, ірі кәсіпорындардың басшылары, көлік және байланыс, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет қызметкерлері, кәсіподақ қызметкерлері және басқалар. Олардың көпшілігі бизнесте өздерін табысты іске асырды, Тайынша ауданының экономикасы мен әлеуметтік саласына елеулі үлес қосты – олардың бірі Қоныспаев Т., Алпысбаев С., Әлжанов О., Алпысов Е., Рафальский А., Рафальский П., Звольский С., Сәрсембаев Т., Кершис А., Ғабдуллин Ж., Қошқарбаев Н., Жақыпов Д., Рустамов Б., Ақтаева М., Валяева Л., Жақыпова О., Кочелабова С. Әр жылдары аудандық мәслихат хатшылары болып М. Ульсаитов, К.Токужинов, А. Дүйсенова, К. Ысқақов, Н. Трифонов, К. Шәріпов сайланды.

Қазіргі уақытта Тайынша ауданының депутаттық корпусы – әр түрлі жастағы, кәсіптегі депутаттар, өз сайлаушыларының мүдделерін білдіреді және барлық деңгейдегі әкімдіктермен бірлесіп әлеуметтік – экономикалық және қоғамдық-саяси міндеттерді іске асырады. Олардың қатарында Әбдірахманова Айгүл, Алмасбаев Төрехан, Брайченко Николай, Долгалев Данил, Журавлёва Людмила, Красноголовый Юрий, Көпірбаева Гүлдана, Нұрахмет Алмас, Рсаева Динара, Сарницкий Анатолий, Тасмағанбетов Бауыржан бар.

Аудан өміріне қатысты барлық маңызды мәселелер мәслихат арқылы өтеді. Сессиялардың қарауына ауданның дамуының өзекті мәселелері: экономиканың өсуі, агроөнеркәсіптік кешеннің, шағын және орта бизнестің дамуы, ауылдың жандануы және ауыл тұрғындарын әлеуметтік қорғау және т.б. мәселелер қаралды. Мәслихат сессияларында дамудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары бекітілді, мемлекеттік мекемелер басшыларының есептері тыңдалды, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. «Құрметті азамат» атағын беру азаматтардың жемісті қызметін қоғамдық мойындаудың көрінісі болып табылатын маңызды моральдық ынталандырудың бірі болып табылады. Аудандық мәслихат құрылған сәттен бастап 30 жыл бұрын және бүгінгі күнге дейін өңірдің дамуына қосқан зор үлесі үшін «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» 28 атағы еңбек сіңірген еңбеккерлер мен түрлі қызмет салаларының ардагерлеріне берілді.

Мәслихат сессиясына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау және жаңа шақырылған депутаттар сайланғаннан кейін бірінші ұйымдастыру сессиясында қорытындылар дайындау үшін мәслихат жанынан тұрақты комиссиялар құрылады және бекітіледі.Олардың құрамы депутаттардың тілектерін ескере отырып құрылады, ал олардың төрағалары сессияда сайланады. Сегізінші сайланған Тайынша аудандық мәслихатының жанынан үш тұрақты комиссия жұмыс істейді: бюджет, қаржы, экономика және қоршаған ортаны қорғау салаларын дамыту мәселелері бойынша, төраға- Айгүл Бағдатқызы Абдрахманова, әлеуметтік қорғау, халықтың денсаулығын қорғау, білім беру, мәдениет және жастар істері мәселелері бойынша, төраға - Людмила Николаевна Журавлёва, депутаттық өкілеттіктер, азаматтардың құқықтары, қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс мәселелері бойынша төраға - Юрий Васильевич Красноголовый.

Тұрақты комиссиялардың жұмысы әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал етеді және аудан экономикасының одан әрі өсуіне және оның тұрғындарының әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.Тұрақты комиссиялардың отырыстарын дайындау кезінде депутаттар әлеуметтік – мәдени нысандарға, құрылыс алаңдарына үнемі барып, аудандық білім беру және денсаулық сақтау нысандарында жөндеу жұмыстарының барысына мониторинг жүргізіп, ескертулер беріп, ұсынымдар шығарды.Қоғамдық қабылдаудың жұмыс істеуі сайлаушылармен қарым-қатынастың маңызды түрі болып табылады. Әрбір депутат айына кемінде бір рет азаматтарды қабылдайды, сайлаушылармен кездеседі, сондықтан олардың күнделікті қажеттіліктерін жақсы біледі, оларды бақылауда ұстайды.Жастар саясатының басымдықтары депутаттық корпус пен тұрақты комиссиялар қызметіндегі басты мәселелердің бірі болып табылады,

өйткені жастардың даму деңгейімен, оның қоғамдағы интеграциясымен бүкіл ауданның болашағы байланысты.

2022 жылы аудандық мәслихат депутаттарының бастамасымен Ясная Поляна ауылының мәдениет үйінде «Жаңа Қазақстанның қалыптасуындағы жастардың рөлі» Балалар жылы аясында Тайынша ауданының білім беру ұйымдарының мектеп және студенттік парламенті көшбасшыларының аудандық слеті өткізілді. Көшбасшылар слетінің негізгі мақсаты – қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын - мектеп пен студенттік парламенттерді азаматтық қоғамды дамытуда нығайту және дамыту, депутаттармен қарым-қатынас жасау және тәжірибе алмасу үшін алаң құру болып табылады.

Слет жұмысы пленарлық отырыс түрінде «Мектептегі өзін-өзі басқару», «Студенттік өзін-өзі басқару», «Аймақты дамытуға қатысу», «Мектепті дамытуға қатысу», «Мектептің баспасөз орталығы», «Балалар бастамалары», «Жастар бастамалары, жобалар, стартаптар» және т.б. сөз сөйлеу бағытында ұйымдастырылды. Слет жұмысының қорытындысы бойынша қатысушылар сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ, тұрақты комиссияның назарында гендерлік және отбасылық-демографиялық саясат мәселелері, жетім балаларға, ауыр сырқаты бар балаларға, патронат, көп балалы отбасыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарға еркін жүріп-тұру және ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыстар мен үй-жайларға кедергісіз қол жеткізу үшін жағдай жасау, тұрмыстық зорлық-зомбылық, мәдени мұраның сақталуы мәселелері.

Аудандық мәслихат депутаттары қарттар мен мүгедектерді қолдау бойынша қайырымдылық сенбіліктерде, "Мейірімді жүрек", "Мектепке жол" акцияларының белсенді қатысушылары болып табылады, өткізілетін қоғамдық-саяси және мәдени-бұқаралық іс-шараларға белсенді қатысады.

Жүктелген функциялар шеңберінде тұрақты комиссия мүшелері партиялық бақылауды және партияның бағдарламалық құжаттарының, мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалардың іске асырылу барысына, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына мониторингті жүзеге асырады. Мүмкіндігінше көмек көрсетілетін барлық ұйымдармен (мектептер, дәрігерлік амбулаториялар, бос уақыт орталықтары, бастауыш ардагерлер ұйымдары) байланыс орнатылды.

VIII шақырылған Тайынша ауданы мәслихатының 12 депутатының назары мен қамқорлығының мәні – барлық айтылған және тағы басқалары болып есептеледі. Олардың барлығы берік тәжірибеге ие және қоғамда беделге ие. Сегізінші шақырылым өз өкілеттіктерін 2023 жылдың наурыз айында бастады және ағымдағы кезеңде депутаттар ауданның дамуы үшін көп нәрсе істей алды. Мұндай нәтижелер сайлаушылармен дәйекті жұмыс жасамай – ақ мүмкін болмас еді – бұл тұрақты кездесулер, мәслихаттың ресми сайтын ұйымдастыру, сессиялар мен басқа да іс-шараларды онлайн-трансляциялау және депутаттық топтардың объектілерге шығуы, бұл тек аудан орталығында ғана емес, ауданның шалғай ауылдарында да нақты жағдайды дәл талдауға және салмақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда өкілді органдар өздерінің өміршеңдігін, ал депутаттар — кәсіпқойлық пен жауапкершілікті дәлелдеді деп айтуға болады. Бұл мерейтойлық күн жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органдарының қалыптасуы мен дамуының белгілі бір кезеңінің нәтижесі ретінде үлкен маңызға ие. Осы жауапты міндетті шешуге алдыңғы жеті шақырылым мен қолданыстағы сегізінші шақырылым депутаттарының күш-жігері жұмсалды. Өз біліміңізді, өмірлік тәжірибеңізді, шығармашылық энергияңызды біріктіру арқылы ғана қажетті нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Сәрсенбай БЕКШЕНОВ,
Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы.

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАРДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

2024 жылдың басынан бастап қаржы және салық салу саласында қазақстандықтарды өзгерістер күтіп тұр. Жалпыға бірдей декларациялаудан басқа, бұдан былай мобильді төлемдер мен аударымдар мемлекет тарапынан бақылауға алынатын болады. Салық заңнамасына сәйкес мобильді аударымдарды тек жеке мақсаттарға ғана пайдалануға болады, ал дара кәсіпкерлерге тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді мұндай түрде қабылдауға тыйым салынған.

Бұл жаңалықтың қыр-сырын Fingramota.kz-е-пен қарастырып көрелік.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, 2024 жылдан бастап банктер ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (МКК) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шотқа қатарынан үш ай ішінде әр түрлі жөнелтушілерден айына

100-ден астам аударым алатын жеке тұлғалар туралы деректерді беруге міндетті. Яғни, егер сізге бір айда 100 мобильді аударым келетін болса, онда сіздің деректеріңіз бұдан әрі тексеру үшін салық органына кетеді. Бұл мобильді аударымға тыйым салу дегенді білдірмейді, мәселе банк шотына тұрақты түсімдер жөнінде. Енгізіліп отырған жаңашылдықтың негізгі мақсаты – кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерді көлеңкеден шығару.

Қазақстанда мобильді аударымдар тарихы қалай басталды

2019 жылы Қазақстанда мобильді қосымша немесе QR-код арқылы жеке тұлғадан басқа жеке/заңды тұлғаға ақша қаражатын жедел аудару жүйесі іске қосылды. Қазақстандықтар ыңғайлы және озық банктік сервисті белсенді пайдаланып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көше бастады. Осы уақыттан бастап дара кәсіпкерлер: мысалы, түрлі азық-түлік дүкендерінің, сұлулық салондарының, наубайханалардың иелері төлемді мобильді аударым немесе QR-код арқылы қабылдады. Алайда, 2021 жылдың соңында салық заңнамасында «мобильді төлем» ұғымы пайда болды. Заңға сәйкес, «мобильді төлем» термині QR-кодты қолдана отырып, банктің мобильді қосымшасы немесе POS-терминалы арқылы қабылданатын қолма-қол ақшасыз төлем дегенді білдіреді.

Мемлекет салық заңнамасының тармақтарын сақтау мақсатында мемлекеттік кіріс органдарына екінші деңгейдегі банктерде жасалған мобильді аударымдар туралы ақпаратты алуға және өңдеуге мүмкіндік берді.

Ақпарат беру кезеңдері

МКК мобильді аударымдар туралы ақпарат ұсыну кезеңдерін белгіледі:

• 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап: мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар және олардың жұбайлары бойынша (2022 жылдың қорытындысы бойынша);

• 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап: мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары бойынша (2023 жылдың қорытындысы бойынша);

• 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап: жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша (2024 жылдың қорытындысы бойынша);

• 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап: халықтың қалған бөлігі бойынша (2025 жылдың қорытындысы бойынша).

Осы кезеңділік бойынша мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайларының шоттарына мобильді аударымдар туралы ақпарат МКК-ға келіп түсті және талдаудан өтті. Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің шоттарынан деректерді салық комитеті 2024 жылы алады, ал жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың және заңды тұлғалардың басшыларының деректері мемлекеттік органдарға 2025 жылы түседі.

Жеке тұлғалар өздерінің жеке мақсаттарында мобильді аударымдар мысалы, туыстарына, достарына, ата-аналарына және балаларына, іс-шараларға және т.б. алымдар жасай алатынын және қабылдай алатынын атап өтеміз. Бұл аударымдар кәсіпкерлік қызмет деп танылмайды және оларға салық салынбайды.

Тіркелмей бизнес жүргізетін немесе ДК картасына емес, жеке картасына аударым қабылдайтын тұлғалар ақы төлеуді заңдастырғаны: ДК тіркегені немесе (егер ДК болған болса) корпоративтік карта ашып, аударымдарды соған қабылдағаны дұрыс. Олай болмаған жағдайда, кәсіпкер ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін немесе қайта бұзушылық болған жағдайда, оған айыппұл салынады. Айыппұл салық төлеушінің субъектілігіне қарай 15 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейінгі соманы құрайды.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

«БАТЫР РУХЫМЕН СЫРЛАСУ...»

Зейнеп Ахметова: «Атам, «...Мен өлгенмен, менің атым өлмейді, менен құтыла алмайсыңдар...» деуші еді. Шынымен де, қазіргі таңда Қазақстанның қай түкпіріне бармайын, атамның есімін арқалаған қанша азаматтар бар, бірнеше мектептерге, көшелер мен даңғылдарға есімі берілген. Ата осылардың бәрін алдын-ала сезгендей қалай айтты екен, деп кейде таң қалам...!».

20 желтоқсан күні даланың дара саңлағы – қаһарман батыр Бауыржан Момышұлының туған күніне орай,Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебінде белгілі қаламгер, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, этнограф жазушы, «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты», «Күретамыр», «Әзіліңді сағындық» атты бірнешекітаптардың авторы, көненің көзін көрген тұлға, ел анасы, Бауыржан Момышұлының келіні – Зейнеп Асқарбекқызы Ахметованың қатысуымен «Батыр рухымен сырласу»атты кездесу кеші өтті. Кештің мақсаты: ерліктің өлшеусіз тағлымын ұрпағына мұра еткен тұлға — Бауыржан атамыздың әскери болмысы мен тұлғалық ерекшелігі жайлы сыр шертіп, болашақ ізбасарларына батыр жайлы естеліктерді шынайы бөлісу болатын.

Кездесу кешінің бірінші бөлімі Зейнеп апаның отбасындағы әдемі естеліктерімен жалғасын тапты.Одан әрі мектеп ұландарының Бауыржан аталары жайлы білгісі келген бірнеше сұрақтарымен үйлесіп, Бауыржан атамыздың атын жамылған мектепте білім мен қоса қатал тәртіпті меңгеріп жатқанын мақтанышпен айтатынын баяндап, кеш иесіне ыстық лебіздері мен тілектерін білдірді.

Әрмен қарай мектеп ұландарының Зейнеп апаға дайындаған концерттік бағдарламасымен ұласты. Батырдың өмір жолынан қойылымдар көрсетіп, әскери бағыттағы естеліктерінен үзінділер оқыды.

– Құрметті Зейнеп Асқарбекқызы, бүгін шынымен де өзіңізбен саналы да салмақты рухани кеш болды! Сіздің Бауыржан Момышұлы туралы тәрбиелік мәні терең, мол ғибратты естеліктеріңіз – біздің ұландарымыздың жадында ғана емес, жүрегінде сақталып, рухын асқақтататыны хақ. Біз бақыттымыз, себебі Бауыржан атамызды көрмесек те, ол кісінің көзін көрген өзіңізбен дидарласып, сұхбаттасып отырмыз. Мұның өзі мектеп тарихындағы сирек сәттің бірі деп білеміз» деген ілтипатын білдіріп, мектептің құрылғанына 40 жыл толу мерейтойына арналған төс белгімен марапаттап, мектептің тарихы жайлы баяндайтын кітапты табыстады.

Президентіміз Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев: «Жаңа қоғамның жанашыры ретінде Абайдың «Толық адам» тұжырымын қайта зерделеп, шындап келгенде өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің негізгі тұғырына айналу керек» — деп есептесе, осы «Толық адам» концепциясын толығымен ашатын тұлға — Бауыржан Момышұлының бейнесі екенін Бауыржантанушы ғалымдардың өзі айғақтап жатыр.

«Жастар – біздің болашағымыз, олар біздің – ұрпағымыз. Жастарға айтарым – біздің әруағымызды ұялтпастан, ұлы Отанымыздың қадірін, намысын мақтаныш ететіндей азамат болып өсіңдер»! – деген Бауыржан атамыздың жігерлі сөзі иісі қазаққа тиесілі деп білеміз.

Гүлімжан МҰХАМЕДЖАНҚЫЗЫ,
Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебі, әдіскер.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

2023 жылы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықтың қаржылық сауаттылығының негізгі көрсеткіштеріне төртінші рет зерттеу жүргізді. Пікіртерім 18 жастан 63 жасқа дейінгі және одан үлкен жастағы топтардың арасында өтті, оған республикалық маңызы бар 3 қаладан және Қазақстанның барлық облысынан 3 мың адам қатысты.

Зерттеу нәтижелері халықтың қаржылық сауаттылығының меншікті қаржы қаражатын басқару, қаржылық қызметтерді пайдалана алу және қаржы жүйесі туралы хабардар болу сияқты негізгі индикаторларының серпінін көрсетеді. Мұндай зерттеулер жүргізілгелі бері алғаш рет тұтынушылық кредиттерді ресімдеу кезіндегі тұтынушылардың іс-әрекеті және банк менеджерлерінің тарапынан кредит талаптары және қарыз бойынша төлеу мерзімін өткізген жағдайдағы жауапкершілік туралы толық ақпаратты жария ету бағаланды.

2023 жылы индекс 40,5%-ды (2022 ж. – 40,3%; 2021 ж. – 39,52%; 2020 ж. – 39,07%) құрады. Ағымдағы зерттеу халықтың хабардар болу деңгейінің басым екенін көрсетті – 42,8% (2022 ж. – 41%, 2021 ж. – 35,5%). Бұл ретте, «Меншікті қаржы қаражатын басқару» ең төмен көрсеткіш – 38,6% (2022 ж. – 39,6%, 2021 ж. – 42,57%) көрсетті. Орта көрсеткіш – 40,1% қаржылық қызметтерді пайдалану саласында тіркелді (2022 ж. – 40,1%; 2021 ж. – 40,5%).

Зерттеудің «Меншікті қаржы қаражатын басқару» бөлімі кірістер мен шығыстарды бөлу дағдыларының серпінді екенін көрсетеді.

Респонденттердің үштен бірі – 30,2%-ы қаржы қаражатын бөлу туралы шешімді дербес қабылдайды және ол 50-63 жас санатындағыларға тән. 30 – 49 жас аралығындағы респонденттердің 35,6%-ы өз ақшасын ата-аналарына сеніп тапсырады. Әрбір бесінші респондент жұбайына/зайыбына береді, 18,2%-ы ғана ортақ бюджет жүргізеді. Бұл ретте, респонденттер қаржылық өмірдің неғұрлым маңызды аспектілерін атап өтті – шоттарды уақтылы төлеу (48,4%), сатып алуларға тиімділік тұрғысынан қарау (46,4%), сондай-ақ бюджетті мониторингтеу (43,9%).

Лимиттен жоғары шығыс жұмсалған жағдайда әрбір үшінші респондент қарыз алған (38,9%) және кредитті пайдаланған (35,9%), оның ішінде респонденттердің 12,5%-ы микрокредиттерге жүгінеді, 7,5%-ы онлайн кредит ресімдейді. Олардың төрттен бір бөлігі жеке жинақтарын пайдаланған (23,7%), тағы 13,1%-ы депозиттен қаражаттарын алған.

Респонденттердің жинақтаудағы тәжірибесі азаматтардың 48,2%-ы ақша жинайтынын көрсетті. Соңғы үш жылдың серпіні ай сайынғы міндетті шығындарды төлегеннен кейін жинақ жасай алуға қабілетті азаматтардың саны біртіндеп өсетінін көрсетеді: салыстыру үшін 2020 жылы азаматтардың 30,6%-ы, 2021 жылы 31,4%-ы және өткен жылы 31,5%-ы осылай жасаған.

Азаматтардың 24,5%-ы үшін өз жинақтарын көбейтуге мотивация факторы тән, олар белгілі бір сатып алулар үшін ақша жинайды. Қаржы қаражатын жинақтаудағы тұрақтылық халықтың 16,3%-да байқалады.

«Қаржылық көрсетілетін қызметтерді пайдалану мүмкіндігі» көрсеткіші өткен уақытта, қазіргі уақытта және болашақта тұтынушылар арасында танымал қандай да бір қаржылық өнімді/көрсетілетін қызметті көрсетеді.Мәселен, соңғы екі жылда ең көп таралған қызметтер автокредиттеу (43%), зейнетақы аннуитеті (40,3%), тұтынушылық кредит (39,9%) және дебеттік карта (39,8%) болды.

Қазіргі уақытта респонденттердің 74,3%-ы депозиттер түрлеріне артықшылық береді (білім беру – 39,1%, депозиттердің басқа түрлері –35,2%). Бұл көрсеткіш халықтың жинақтау дағдыларының өсуін көрсетеді. Қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтпаған басқа өнімдердің айтарлықтай бөлігін ипотека (39,9%) және онлайн кредиттер (36,7%) құрайды.

Болашақта депозит (38,8%), ипотека (39,4%) және онлайн кредит (39,7%) қызметтеріне сұраныс сақталады. Бұл қатар сондай-ақ, ерікті зейнетақы жинақтарымен (38,1%) толықтырылатын болады, бұл болашаққа оң болжам жасауға мүмкіндік береді.

Қаржылық көрсетілетін қызметтерді таңдауға қатысты шешім қабылдаған кезде респонденттердің 43,7%-ы (2022 жылы - 43,3%) қаржы ұйымдары ұсынатын ұсыныстар мен талаптарды салыстырады. Бұл тәсіл 45%-дан астам әйелдерге тән (2022 жылы – 44%), консервативті тәсілді ер адамдар қолданады, олар өздері қолданатын нұсқалардан басқа нұсқаларды қарастырмайды.

Респонденттердің жартысына жуығы кредит рәсімдеу кезінде ең тиімді шарттарға ұмтылады. Тұтынушылық кредитті ресімдеу кезіндегі пайыздық мөлшерлеме Қазақстанның барлық өңірлеріндегі респонденттердің 45,6%-ы үшін маңызды фактор болып табылады. Кредит беру мерзімі сауалнамадан өткендердің 21,5%-ы үшін, негізінен Батыс Қазақстан облысынан (30,7%), Қарағанды облысынан (27,3%) және Атырау облысынан (26,7%) маңызды.

Қайтару мерзімі (15,7%) және банктің беделі (12,6%) бойынша көрсеткіштер мардымсыз болды. Банктің беделіне негізінен Абай (16,7%) және Ақтөбе (18%) облыстарында және Түркістан облысында (20,7%) назар аударылып отыр.

Тұтынушылық кредит ресімдеу туралы шешім қабылдаған кезде респонденттер белгілі бір мерзімде (39,8%) қайтарудың міндеттілігін түсінеді. Импульсивті тұтынушылық ойлау негізінен Солтүстік Қазақстан облысынан (37,3%), Жамбыл (37,3%) және Түркістан (38%) облыстарынан келген респонденттердің 33,6%-ына тән. Керісінше, Атырау (47,3%) және Ұлытау (48%) облыстарында қаржылық сананың жоғары деңгейі атап өтілді.

Кредит беруде қаржы ұйымдары менеджерінің қарыз алу кезінде ақпаратты ашу мәселелеріндегі құзыреттілігі маңызды рөл атқарады. Пікіртерім нәтижелері бойынша респонденттер кредиттік менеджерлерден мұндай білім алмайтынын (34,6%) немесе әрдайым алмайтынын (31,8%) көрсетті.

Бұл ретте, қаржы ұйымдарының менеджерлері мерзімі өткен немесе кредитті өтемеген жағдайда клиенттің жауапкершілігі туралы хабардар етудің жоғары деңгейін көрсетті. Респонденттердің жауаптарына сәйкес, өте жақсы – 64,7% (атап айтқанда, «Жақсы» – 44,8% және «Өте жақсы» – 19,9%). Теріс бағалаудың үлесі 19,3%-ды құрайды (атап айтқанда, («Өте нашар» – 14,3% және «Нашар» – 5%).

Сонымен қатар, кредитке өтінім ресімдеген кезде кіріс деңгейі туралы ақпарат 38,2% респондентте көбіне артық көрсетілген. Тағы 22%-ы кірістерін әрдайым дұрыс көрсетпейді, респонденттердің жауаптарына қарағанда қарызды ықтимал мақұлдау үшін кірісті артық етіп көрсетеді. 6,1% адам өздерінің шынайы кірісін ешқашан көрсетпеген. 26,9% ғана адам ақпаратты жасырмай, дәйекті деректер ұсынады. Гендерлік бөліністе әйел адамдар (39%) кірістері туралы шынайы деректерді өтірік айтуға жиі барады. Орта жастағы – 30-49 жастағы респонденттер (23,3% және 38,8%) көп жағдайда дұрыс деректерді көрсете бермейді және өз кірістерін артық етіп көрсетеді. Сондай-ақ зейнеткерлік жастағы адамдар (43,8%) кредитке өтінім берген кезде өз кірістерін көбіне артық етіп көрсетеді.

«Қаржылық жүйе туралы хабардар болу» көрсеткіші қаржылық қызметтердің барынша танымал провайдерлері, қаржылық сауаттылық жөніндегі білім көздері және респонденттер арасында анағұрлым қажетті арналар туралы талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Қаржы ұйымдарының арасында Kaspi Bank – 46,1% анағұрлым танымалдылыққа ие болып қалып отыр (2022 ж. көрсеткіш 40,2% болды). Қызметтерді пайдалану бойынша 3 үздік банктің қатарына Halyk Bank енді, оның көрсеткіші 25,7% (2022 ж.- 39,1%), үшінші орында өткен жылғыдай, Отбасы банк қалып отыр – 8,1% (2022 ж. – 20,3%).

Респонденттердің пікірінше, қаржы ұйымымен проблемалар туындаған кезде жауапкершілік көрсетілетін қызмет провайдері ретінде қаржы ұйымына – 26,4%, клиент ретінде өздеріне (26,1%), мемлекеттік органдарға – 25,9% жүктеледі. Көбіне жауапкершілік 30-49 жастағы респонденттерде (30%) көрініс табады.

Қаржы ұйымдарымен даулар туындаған кезде респонденттер Бас прокуратураға (25,2%), сотқа (23,4%), адвокаттарға және заңгерлерге (19,6%) жүгінуді дұрыс көреді. Сондай-ақ ақпарат берушілер қаржылық сауаттылық бойынша білім беру дағдыларын дамыту туралы да айтты. Бұл әсіресе Жетісу (34%), Түркістан (33,3%), Маңғыстау (32%), Павлодар және Ұлытау (31,3%-дан) облыстарының тұрғындары үшін маңызды.

Әлеуметтік желілер (48,2%) қаржы жөніндегі білімнің негізгі көздері болып табылады 18-29 жас аралығындағы жастар (29,8%) мен 50-63 жас аралығындағы адамдар (29,7%) арасында танымал тегін курстар (27%) елеулі ресурс болып саналады.

Бұл ретте пікіртерім нәтижелері адамдардың мұндай білім үшін ақы төлеуге және курстарға баруға жиі жағдайда дайын болмайтынын (12,1%) көрсетті. Әлеуметтік желілер мен тегін курстардағы ақпараттың көбінесе фрагменттелген және базалық екенін атап өткен жөн, ал YouTube желісіндегі ролик түріндегі бейімделген материал (3,1%) немесе мамандандырылған әдебиет (4,6%) респонденттерді онша тартпайды. Аталған жағдайда мамандандырылған әдебиет жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне ие ақпарат берушілердің арасында барынша танымал (10,1%). 12,8%-ы қаржылық білімге мүлдем қызықпайды. Бұл ретте көп жағдайда 30-49 жас аралығындағы орта жастағы респонденттер білімге қаражат бөлуге дайын. Респонденттердің 33,2%-ы үшін онлайн формат ыңғайлырақ болса, сұралған адамдардың 25,6%-ына оффлайн формат ыңғайлы, өзін-өзі оқыту тек 9,9% респонденттерге қолайлы және респонденттердің 25,35%-ын қаржылық сауаттылық қызықтырмайды.

«Қаржылық алаяқтық» бөлімі азаматтарды алдаудың барынша дамыған және күрделі әдістерінің қолданылуына байланысты қатарынан екінші жыл зерттеу үшін өзекті тақырып болып отыр.

Өңірлер бойынша Қазақстанның батыс өңірлерінің, атап айтқанда Атырау (27,3%), Ақтөбе (26,7%) және Маңғыстау облыстарының (26%) көрсеткіштерін назарға алу қажет, мұндағы респонденттер алаяқтыққа тап болғандықтарын жиі көрсеткен. Көбінесе 18-29 жас аралығындағы жастар (23,1%) мен 50-63 жас аралығындағы ересек адамдар (24,9%) алаяқтардың құрбаны болып жатады. Қаржылық алаяқтықтың барынша кең тараған түрі «вишинг» телефон арқылы жасалатын интернет-алаяқтық (31,5%) болып табылады. Бұл ретте жиі жағдайда алаяқтар өз құрбандарымен ұялы телефон немесе қалалық телефон (45,6%) арқылы хабарласады.

Көп жағдайда респонденттер алаяқтарды ажырата білді (61%). Осы тәрізді құқық бұзушылықтарды идентификаттау 50 жастан асқан адамдар үшін қиын (41%). 2017 ж. бастап 2022 ж. дейін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) ТМД елдері халқының қаржылық сауаттылығы деңгейін анықтау, бағалау және талдау бойынша мамандандырылған тереңдетілген еларалық зерттеу жүргізген болатын. Зерттеуге 8 ел қатысты (Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы). Қазақстан бірінші (2017 ж.) зерттеуге де, екінші зерттеуге де (2021 ж.) қатысты. Дала жұмыстарының екінші кезең (2021 ж.) деректеріне сәйкес ТМД бойынша қаржылық сауаттылықтың орташа көрсеткіші 55,8%-ға тең. Қазақстан көшбасшылар үштігіне енді – 59,6%. Беларусь өзін бұрын соңды болмаған көшбасшы ретінде жариялады (61,4%). Соңғы орынға Әзірбайжан ие болды (45,9%). Жалпы алғанда, орташадан төмен көрсеткіштер 8 елдің 4-үінде тіркелді.

Әлеуметтанушылардың пікірінше, зерттеу нәтижелері қаржылық сауаттылықты дамыту және азаматтардың қаржылық болашағын жақсарту үшін мемлекет, бизнес және білім беру тарапынан бірлескен іс-әрекеттің қажеттілігін атап көрсетеді. Мектеп курстарын, білім беру мекемелеріндегі сабақтарды және ересек адамдарға арналған оқыту бағдарламаларын қамтитын қаржы туралы білім беру бағдарламаларын жасау және әзірлеу ұсынылады.

Инвестицияларды қалыптастыру аясында сарапшылар халыққа тегін немесе қымбат емес қаржылық консультацияларға, оның ішінде инвестицияларға қатысты консультацияларға оңай қолжетімділікті қамтамасыз етуді ұсынады. Бұл азаматтарға өз қаржылық мақсаттарын жете түсінуге және болашақты жоспарлауға көмектеседі.

Қаржы туралы пайдалы мәліметке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін бюджетті, инвестицияларды қадағалап отыруға және қарызды басқаруға көмектесетін қазақстандық қосымшаны және/немесе онлайн құралдарды іске қосу ұсынылады.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: **65710**
Газет әр аптаның **жұма** күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 26. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.